

**«8D04110 – Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Исанов Арман Серикгалиевичтің
«Цифрлық трансформация жағдайында Қазақстанның банк
секторын жаңғырту» атты тақырыбындағы диссертациясына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Экономиканың цифрлану үдерісінің тереңдеуі және қаржы нарықтарының құрылымдық күрделенуі жағдайында банк секторын жаңғырту үдерістерін зерттеу айрықша өзектілікке ие. Өйткені дәл осы банк жүйесі ұлттық экономикада орнықты экономикалық өсуді, қаржылық тұрақтылықты және ресурстарды тиімді қайта бөлуді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Жаһандық тәуекелдердің күшеюі, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, қаржылық делдалдық модельдерінің өзгеруі және банктердің тұрақтылығына қойылатын талаптардың артуы Қазақстан Республикасының банк секторындағы трансформациялық үдерістерді ғылыми тұрғыдан терең әрі жүйелі зерделеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған диссертациялық зерттеу уақыт талабымен толық үндесіп, экономикалық дамудың қазіргі кезеңіндегі ең өзекті мәселелердің бірін қамтиды.

Қазақстанның қаржы секторын дамытудың басым бағыттары мемлекеттің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында айқындалған. Олардың қатарына экономиканы цифрландыру бастамалары, қолма-қолсыз төлемдерді дамыту, цифрлық теңгені енгізу, макропруденциялық реттеуді жетілдіру және қаржы нарығының орнықтылығын күшейту жөніндегі шаралар кіреді. Бұл жағдайда банк секторын жаңғырту біржолғы реформа емес, банк жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған институционалдық, технологиялық және реттеушілік жаңарудың үздіксіз үдерісі ретінде қарастырылады. Диссертацияда дәл осы үздіксіздік логикасы ғылыми негізде ашылып, жаңғырту үдерісі кезеңдік әрі өзара байланысты өзгерістер жиынтығы ретінде сипатталады.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, банк секторында ғылыми талдауды және практикалық шешімдерді талап ететін бірқатар мәселелер сақталуда. Олардың қатарында банктердің цифрлану деңгейінің біркелкі еместігі, кибертәуекелдердің өсуі, цифрлық технологиялардың тәуекелдерді басқару жүйелеріне жеткіліксіз интеграциялануы, сондай-ақ қадағалау құралдарын цифрлық экономика жағдайына бейімдеу қажеттілігі бар. Автор осы мәселелерді тек сипаттап қоймай, олардың өзара байланысын ашып көрсетеді және оларды жүйелі түрде шешудің ғылыми жолдарын ұсынады. Бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігімен қатар практикалық маңыздылығын да айқындайды.

Диссертациялық жұмыс банк ісі, қаржылық тұрақтылық және цифрлық қаржы салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін кешенді талдауға негізделген. Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми статистикалық деректері, коммерциялық банктердің қаржылық есептілігі, халықаралық қаржы

ұйымдарының материалдары, сондай-ақ автордың өз есептеулері мен экономикалық-математикалық модельдеу нәтижелері кұрайды. Пайдаланылған дереккөздер мен әдіснамалық тәсілдер алынған қорытындылардың сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық зерттеу барысында докторант келесі негізгі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

– цифрлық трансформация мен экожүйелік тәсілді ескере отырып, «банк секторы» және «банк секторын жаңғырту» ұғымдарына қатысты теориялық көзқарастар нақтыланып, мазмұндық тұрғыдан толықтырылды;

– цифрлық, реттеушілік және институционалдық факторларды қамтитын Қазақстанның банк секторын жаңғыртудың интеграцияланған ғылыми моделі әзірленді;

– эконометрикалық модельдер мен сценарийлік болжау негізінде банк секторының тиімділігі мен орнықтылығына кешенді бағалау жүргізілді;

– цифрлық инвестициялардың, цифрлық төлемдердің және макропруденциялық құралдардың банк жүйесінің тұрақтылығын арттырудағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделді;

– цифрлық трансформация жағдайында банк секторын жаңғырту тетіктерін жетілдіруге бағытталған қолданбалы практикалық ұсынымдар тұжырымдалды.

Бірінші тарауда банк секторын жаңғыртудың теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылып, модернизация ұғымының классикалық түсіндірмелері мен қазіргі цифрлық экономика жағдайындағы мазмұны салыстырмалы талдау арқылы ашылған. Автор банктік жүйенің дәстүрлі институционалдық құрылымынан цифрлық қаржылық экожүйеге эволюциялық өту логикасын дәлелдейді. Мұнда цифрландыру тек технологиялық процесс емес, басқару философиясының, реттеу тәсілдерінің және тәуекелдерді қабылдау мәдениетінің өзгеруі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, цифрлық трансформация жағдайында туындайтын жаңа тәуекелдердің жіктемесі ұсынылып, олардың банк тұрақтылығына ықпалы теориялық тұрғыдан негізделген. Бұл тарау диссертацияның тұжырымдамалық іргетасын қалыптастырады.

Екінші тарауда Қазақстан банк секторының тарихи қалыптасу кезеңдері мен цифрлық даму алғышарттары нақты статистикалық деректер негізінде талданған. Ұлттық Банктің реттеушілік саясаты, цифрлық теңге жобасы, Open API бастамалары және макропруденциялық қадағалау құралдары шетелдік орталық банктер тәжірибесімен салыстырыла отырып қарастырылған. Сонымен бірге, Halyk Bank, Kaspi Bank, Банк ЦентрКредит мысалында коммерциялық банктердің цифрлық шешімдерді енгізу деңгейі бағаланып, олардың операциялық тиімділікке, тәуекелдерді басқаруға және клиенттік сервистерге әсері көрсетілген. Бұл тарау теориялық тұжырымдардың нақты институционалдық ортада қалай көрініс табатынын дәлелдейді.

Үшінші тарауда экономико-математикалық модельдеу мен сценарийлік болжау нәтижелері ұсынылған. Автор цифрлық факторлардың банк секторының пайдасына, меншікті капиталына және активтер динамикасына ықпалын сандық тұрғыдан бағалайтын регрессиялық модельдер құрастырған.

2025–2030 жылдарға арналған болжамдар бірнеше сценарий арқылы негізделіп, цифрлық инвестициялардың ұзақ мерзімді тұрақтылыққа әсері дәлелденген. Осы тарауда ұсынылған «ММП-2030» авторлық моделі банк секторын кезең-кезеңімен жаңғырту тетіктерін көрсетіп, реттеуші мен коммерциялық банктер үшін нақты практикалық бағдар береді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, соның ішінде халықаралық дерекқорларға индекстелетін журналдарда жарияланып, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған. Алынған нәтижелер теориялық және практикалық маңыздылыққа ие болып, реттеуші органдар мен коммерциялық банктердің қызметінде қолдануға ұсынылады.

Исанов Арман Серикгалиевичтің диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасының банк секторын жаңғырту теориясы мен практикасын дамытуға бағытталған маңызды ғылыми мәселені шешеді. Мазмұны, құрылымы және ғылыми жаңалығының деңгейі бойынша диссертация 8D04110 «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және оны көпшілік алдында қорғауға болады деп санаймын.

Ғылыми кеңесші –
э.ғ.д., профессор

А. Сембеков

Сембеков А.К.

